

Ш.Қ. «Ерсұлтан» жеке «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы.

Тақырыбы: «Бірлігі жарасқан елміз»

Өткізген: Ә.Ж.Хайруллина.

2023-2024 ЖЫЛ

1-Мамыр «Бірлігі жарасқан елміз» атты ертеңгілік

1-Мамыр «Бірлігі жарасқан елміз» атты ертеңгілік

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, қадірлі балалар! Қазақстан халқының ынтымағы мен бірлігі құтты болсын!

1-Мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесі қарсаңында «Бірлігі жарасқан елміз» атты ертеңгілік өткізіп отырмыз.

Жүргізуші: Тілі басқа тілегі бір біргеміз,
Өздеріңмен жүздесеміз күнде біз.
Мақсат ортақ, бейбітшілік ұран боп
Татулықтан бұзылмасын іргеміз.

Жүргізуші: Біздің Республикамызда 100-ден аса ұлт өкілдері тұрады.
Қазақстандағы барлық ұлттар бір-бірімен дос, тату-тәтті өмір сүреді. Осы достыққа арналған ән-жырларымызды бастайық.

Жүргізуші: Балалар бізге әр ұлт өкілдері қонаққа келді. Олар ортаға өнерлерін көрсетпекші. Енді балаларымыздың 1 -мамырға арналған жыр шумақтарына кезек берейік. Олай болса орыс ұлтына кезек берейік.

Еркеназ: Бейбітшілік ұраны,

Жарқыраған алтын күн.

Ән қанатты қыраны

Еркіндігі халқымның.

Алижан: Кең-байтақ жеріміз,

Татулық тұрағы.

Бауырмал еліміз,

Ынтымақ ұраны.

Іңкар: Жаңғыртып даланы,

Шырқап ән салады.

Халықтар достығы –

Бірліктің қамалы.

Ерали: Қызыққан шартарап,

Береке – тірлігі.

Құрған сән-салтанат,

Жарасқан бірлігі.

Жүргізуші: Балалар бізге қонаққа сонау алыстан грузин халқы келді.

Би: «Грузин биі» Билейтіндер: «Балапан» тобының ұлдары.

Ән: «Әрқашан күн сөнбесін»

Жүргізуші: Ортаға татар ұлтының өкілдерін шақырамыз, мерекеге әкелген шашуларын тамашалайық.

Жүргізуші: : Ән-жыр десе көмейі бүлкілдеген,

Ақ маржандай көңілі үлпілдеген,

Өзбек менің өз ағам – дейді қазақ

Дастарханнан дәм-тұзы бөлінбеген

Би: «Өзбек» **биі:** Билейтіндер: «Балапан» тобының қыздары

Көрініс: «Бірлік»

Жүргізуші: Ертеде бір қария балаларын бірлікке былай үйреткен екен. Қарт балаларына бір бума шыбықты сындыруға ұсынады. Балалары көп әуреленіп, бума шыбықты сындыра алмайды. Қарт буманы шешіп, шыбықты шыбықты бір тандап сындырып көруді ұсынады. Шыбықтар оңай сынады.

Қария: Бірігіп өмір сүрсеңдер, сендерге ешкімнің де әлі келмейді.. Ал жеке-жеке тұрсандар, әрқайсынды біртіндеп құртады.

Хор: «Ағайынбыз бәріміз»

Жүргізуші: Қазақстанымыздың қуаттылығы мен басымызға қонған бақытымыз бірлігіміздің татулығын арттыра берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігім болсын! Бұл мереке бізбен бірге ғасырларға ұлассын! Бейбіт аспан астында достығымыз нығайып, еліміз өркендей берсін деген тілекпен бүгінгі «Балапан» тобының ертеңгілігін аяқтаймыз. Қош сау болыңыздар!

1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні

Тақырыбы: «Достығымыз жарасқан»

Мақсаты: Балаларға 1 – мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні мерекесі екенін жеткізу. Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Балалардың бірлік, ынтымақтастық туралы түсініктерін кеңейту.

Мерекелік көңіл күйлерін көтеріп, өздеріне ұнайтын шар, жалаушаның суретін салдыру. Ойын арқылы әр ұлттың киімдерін ажырата білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: Сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын, ән айту.

Көрнекілігі: Әр ұлт өкілдерінің суреттері, DVD, теледидар, сурет салу құралдары.

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем мезгілі.

- Дұрыс айтасындар, қазір көктем мезгілі, көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші.

- 8 наурыз аналар мерекесі, 22 наурыз, наурыз мерекесі.

Жарайсындар, сендер жақсы біледі екенсіңдер, естеріңе жақсы сақтап қалыпсындар. Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі.

- Балалар біздің ұлтымыз қандай?

- Қазақ

- Біз қай тілде сөйлесеміз?

- Қазақ тілінде.

Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады.

Сырттан есіктің қағылған дауысы естілді ----

- Почтален есік қағып тұр екен

- Почташы бізге хат алып келген екен, кімнен келгенін оқып берейін сендерге.

- бұл хатты бізге Қарағанды қаласының тұрғыны Фатима деген досымыз жазыпты.

Ол бізге достық хатын жолдапты. Менің жасым 4те. Менің ұлтым өзбек, тілім қазақ, менің Отаным Қазақстан. Сендерді балалар - 1 мамыр Ұлттар достығы күнімен құттықтаймын. Сендермен дос болғым келеді.

- Балалар болашақта сендер өз Отанымыздың патриоты, ұлтын сүйетін азамат болып өсіңдер.

Тәрбиеші: «Бірлік бар жерде бақыт бар»

Отан - әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Адам жүрексіз өмір сүре алмайды. Отан - біздің туған жеріміз, өзіміздің туған - туысқанымыз, дос - жаранымыз бен тұратын еліміз.

Біздің Отанымыз - Қазақстан.

Қазақстан гимні орындалады.

Республика халқының саны 17 миллионнан астам

Жергілікті ұлт қазақтармен бірге басқа да 130 - дай ұлт өкілдері тұрады. Мұнда ұлтына, нәсіліне қарамай барлық халық өкілдері бір - бірімен туысқандай болып кеткен. Қазақстанның шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға барлық ұлт өкілдері белсене қатысып, бірлесе еңбек етіп келеді. Сондықтан 1 - мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні болып аталады.

Тәрбиеші: Сурет арқылы әр ұлт өкілдерімен, киімдерімен таныстыру.

Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмаса да, Қазақтардың елін - елім деп, жерін - жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату - тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің елімізді қадір тұтып, құрметтейді

- Балалар біз қандай елде тұрамыз?

- Елімізде қандай ұлттар тұрады?

(Қазақстанда тұратын ұлттар суреттерін көрсету)

- Біз олармен қандай қарым - қатынастамыз?

- Дұрыс балалар біздің еліміз көп ұлтты мемлекет қатарына жатады.

Біз қазақ елі олармен әрқашанда достық қарым - қатынастамыз

Олар біздің елімізде тұрса да өз тілдерінде сөйлеуге, салт - дәстүрін сақтауға ерікті. Сонымен бірге олар біздің елімізде туып өскендіктен менің елім Қазақстан деп айта алады.

Жер бетіндегі барлық халықтар да достықта, ынтымақтастықта өмір сүруге тиіс.

Рахмет балалар осы достығымыздың, бірлігіміздің одан әрі жасай берсін нығая берсін дегіміз келеді. Достығымыздың белгісі ретінде өзбек ұлтының биін сіздерге арнаймыз және де Қарағанды қаласынан бізге хат жолдаған Фатима есімді досымыздың хатына арналған достық жауабымызды осы әсем биімізбен жеткізгіміз келеді. Қабыл алыңыздар.....

Өзбек биі «Самарханның гузәлі» Ақбота тобының қыздарының орындауында, қабыл алыңыздар

Балалар ертең 1 мамыр мерекесі күні. Біздің де орталық алаңға үлкен салтанатты шеруге шығып. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді.

Балалар, ертең біз мерекеге барғанда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар?

- Шар, жалауша.

- Дұрыс айтасыңдар, біз мерекеге шар, жалаушалар ұстап шығуымыз керек. - Жалауша қандай пішінге ұқсайды?

- Тіктөртбұрышқа
- Түсі қандай болады?
- Көк болады.
- Ал шар қандай пішінге ұқсайды?
- Домалақ, сопақша.
- Түстері қандай болады?
- Қызыл, көк, жасыл, т. б

Жарайсындар балалар, жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен Мен сендерге қазір осы әдемі шарлар беремін, бұл шарлар жай шарлар емес шарымыздың үстіне достықтың, татулықтың белгісі деп санайтын құс Ақкөгершін құсын шарымызға жапыстырып шарларымызды көк аспанға ұшырсақ балалар.

- Ақкөгершін құсын достық құсы деп санайды халқымыз.

Балалардан бүгінгі өтілген тақырып бойынша сұрақ – жауап арқылы қорытынды жасау.

Жарайсындар балалар, бүгінгі оқу іс - әрекетіне жақсы қатыстындар. Бір – біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын. Балалар бүгінгі мерекеміз сендерге ұнадыма?

- Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқан - дей отырып осы әсем әнімізбен мерекемізді аяқтаймыз

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.

Ортақ болсын асар тау,

Жеміс толы бақша- бау.

Болсын жер мен су ортақ,

Болсын бізге ну ортақ.

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз!

Ортақ мекен жер шары,

Төбемізде бір аспан.

Барлық ұлттың баласы,

Достығымыз жарасқа